ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚОЛДАУ

ҚМГ-НІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

ҚМГ өзінің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясында тұрақты дамуды стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіледі. Оның негізінде барлық бизнес-процесс пен шешім қабылдау процестері тұрақты даму қағидаттарын біріктіруі тиіс.

ҚМГ тұрақты даму аспектілерін басқару тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын енгізуге негізделеді:

Жариялық	біз кездесулерге, талқылауларға және диалог жасауға ашықпыз; біз мүдделі тараптармен екіжақты мүдделерді ескеріп, ұйым мен мүдделі тараптар арасындағы құқықтар мен балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық құруға ұмтыламыз
Есеп беру	біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету үшін өзіміз есеп беру керектігін түсінеміз
Ашықтық	біздің шешімдеріміз бен іс-әрекеттеріміз мүдделі тараптар үшін айқын және ашық болуы тиіс
Этикалық мінез-құлық	біздің шешімдеріміз бен әрекеттеріміздің негізі құрмет, адалдық, ашықтық, командалық рух және сенім, адалдық және әділеттілік сияқты құндылықтарға негізделген
Құрмет	біз заңнамадан, жасалған шарттар барысында туындайтын немесе жанама түрде іскерлік өзара қарым-қатынастар аясындағы мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейміз
Заңдылық	біздің шешімдеріміз, әрекеттеріміз бен мінез-құлқымыз Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйым органдарының шешімдеріне сәйкес келеді
Адам құқықтарын сақтау	біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз
Сыбайлас жемқорлықпен күрес	біз барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсымыз
Мүдделер қақтығысына жол бермеу	лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың лауазымдық, функционалдық міндеттерін бейтарап орындауына ықпал етпеуі тиіс
Жеке мысал	біз әрқайсымыз күн сайын өз іс-әрекеттеріміз, мінез-құлқымыз және қабылданған шешіміміз арқылы орнықты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз; басқарушы позициялардағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өзінің жеке іс-әрекетімен орнықты даму қағидаттарын қалыптастыруды ынталандыруы тиіс